

Хаттама № 4

«Тасарык» елді мекеніндегі №238 орта мектебінде 2023 жылдың 26 желтоқсан күні жоспарға сәйкес кезекті директор жанындағы кеңес өтті.

Қатысуға тиісті – 41

Қатысқаны – 28

Дәлелді себептермен қатыспағаны - 13

Күн тәртібінде:

1. Аудандық және облыстық ғылыми жобалар байқауының қорытындысы туралы /Т.Булебаев/
2. Математика, информатика пәндерінің берілуі. /Б.Аханова/
3. 1-сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру. /Б.Аханова/
4. Мектепшілік бақылау: А) Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы. Ә) Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы. Б) 4-сынып оқушыларының оқу нәтижелері (ағылшын тілі) В) Ғылыми жетекшінің жұмыс сапасы. /Б. Аханова, С. Кәрібай, Т. Булебаев/
5. «Үйірменің үйретері көп» үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы /А. Сүйеубаева/
6. «Мектеп театры» жобасы аясындағы жұмыстар туралы /Ә.Ізбасаров/
7. «Білім беру ұйымының инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және жүзеге асыруда заңнамалық- құқықтық актілер» туралы. /Б. Аханова/

Тыңдалды:

Бірінші мәселе бойынша мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары міндетін уақытша атқарушы Т. Бөлебаев баяндады.

2023-2024 оқу жылының қазан айында «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсына қатысушы 8-10 сынып оқушыларының тізімі жіберілді. Конкурса ағылшын пәнінен 8-сынып оқушысы Жарылқасын Жеңіскүл, информатика пәнінен 9-сынып оқушысы Шахмерден Наз ұсынылды. «Дарын» республикалық ғылыми жобалар конкурсына қатысқан екі оқушының жұмыстары аудандық саралау комиссиясынан өтпей қалды. Кемшіліктерді жою мақсатында, пән мұғалімдері толықтыру жұмыстарын жасауда. Қараша айында 2-7 сынып оқушылары арасында өтетін «Зерде» ғылыми жобасына мектепшілік байқаудан өткен төмендегі 10 мұғалімнің жұмысы ұсынылды.

Жоба авторының аты-жөні	Жобаның атауы	Секция	Сынып	Жоба жетекшісінің аты-жөні	Жоба бастағ. жыл
Ғанислам Кәусар	Қазіргі медицинадағы фитопрепараттар	Медицина	3	Биманова Ж	2022
Байдос Әсел	Малые жанры фольклора потешки, пестушки, скороговорки, считалки, загадки	Тіл білімі	5	Асанова Ж	2022
Айғабылқызы Айзере	Тарихтағы ең көне кітаптар	Тіл білімі	6	Бөлебаева Б	2021
Болатбек Исахмет	Мақал-мәтелдердегі сан есімдер	Тіл білімі	6	Ұзақбай Ә	2022
Таламбай Нұрсаят	«Батырлар жыры: Эпостағы дәуір және дәстүр мәселесі»	Тіл білімі	7	Жарболова А	2021
Жанабек Меңсұлу	Баялыш өсімдігінің экологиялық жағдайы және калпына келтіру жолдарыпайдасы	Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы	7	Каримова Ә	2021
Әнуарбек Жаннұр	Арал теңізі экологиясы, өсімдіктері	Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы	6	Ыскакова А	2023
Әнуарбек Акнұр	Телефон қуаттау қауіпсіздігін смартфон арқылы бақылау.	Роботехника	5	Қосбанбетова Г	2022
Серік Инабат	Тик-ток пен истаграмның	Қоршаған ортаны	3	Карибаева Б	2022

	балаларға пайдасы мен зияны	қорғау және адам денсаулығы			
Марат Азиз	Бордың адам ағзасына зияны	Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы	2	Карибаева А	2023

2-7 сынып оқушыларының арасында зерттеу жұмыстары мен шығармашылық жобасының республикалық «Зерде» конкурсының 1 (аудандық) саралау комиссиясынан 2 жоба өтті:

Жоба авторының аты-жөні	Жобаның атауы	Секция	Сынып	Жоба жетекшісінің аты-жөні	Жоба Бастау жыл
Әнуарбек Ақнұр	Телефон қуаттау қауіпсіздігін смартфон арқылы бақылау.	Роботехника	5	Қосбанбетова Г	2022
Серік Инабат	Тик-ток пен истаграмның балаларға пайдасы мен зияны	Қоршаған ортаны қорғау және адам денсаулығы	3	Карибаева Б	2022

«Зерде» конкурсынан жүлделі орын алған жоба авторы 3-сынып оқушысы Серік Инабат /Жетекшісі:Карибаева Балагүл/ III орын иеленді.

Ұсыныс: Ғылыми жоба ұсынып нәтижесіз болған әріптестер жұмыстарының кемшілік тұстарын толықтырып келесі оқу жылына дайындап ұсынса.

Екінші мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова математика, информатика пәндерінің берілуі туралы баяндады. Кестеге сәйкес сыныптар бойынша математика, информатика пәндерінен сабақтар өз мәнінде жүргізілуде. Сабаққа ену кестесіне сәйкес сыныптар бойынша сабақтарға ендім. Сабақ барысында мұғалімдер жас ерекшеліктеріне сәйкес көрнекі құралдар мен жаңаша әдіс –тәсілдерді қолдану арқылы тақырыпты меңгерте білді. Дегенмен сынып ішіндегі балалардың деңгейі бірдей емес, сондықтан оқушыларға деңгейлік тапсырмаларды күнделікті жүргізіп отыру керек. Пәннің ерекшелігіне қарай деңгейі төмен оқушы қалыс қалып қоймау керек. Мұғалім тек сабаққа ену кестесіне сәйкес дайындалып келмей күнделікке сабаққа дайындықпен келу керек.

2.1 сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру.

1. 1 сыныпта 11 оқушы оқиды, 6 - ер бала, 5 - қыз бала.

1 сынып оқушыларынан жоспарға сәйкес минуттық оқу алынды. Нәтижесінде төмендегідей көрсеткіш көрсетті:

2 оқушы - 32-38 сөз аралығы

2 оқушы- 24-26 сөз аралығы

3 оқушы -16-19 сөз аралығы

2 оқушы - 10-12 сөз аралығы

1 оқушы -7 сөз аралығы

I жарты жылдық бойынша оқу жылдамдығы 25-30 сөз аралығы

4 оқушы «5» -ке, 5 оқушы «4» -ке, 1 оқушы «3» -ке орындалды.

Ұсыныс: Үлгерімі жақсы оқушылармен жұмыс жалғастыру, қосымша әдеби кітаптар оқу, кітапхана сағаттарын ұйымдастыру, оқу жылдамдығы төмен оқушылардың ата-анасымен бірлесе отырып жұмыс жасау пән мұғалімдеріне және бірлестік жетекшілеріне жүктелсе.

Үшінші мәселе бойынша мектеп директорының тәрбие ісі жөнінің орынбасары С. Кәрібай: Мектепшілік бақылау: А) Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы туралы Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының жағдайы. Құжаттардың талапқа сай толтырылуын қамтамсыз ету.

Қазақстан Республикасы Ағарту Министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 «Мектепке дейінгі тәрбие мен білім беу, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта, техникалық және кәсіптік орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» бұйрығы талаптарын орындалуы тиіс екенін айтты.

Оқушыларды жазатын алфавиттік кітап әрбір мектепте жүргізіледі және кітапқа мектепте оқитын оқушылардың барлығы жазылады. Тізім жаңа қабылданған оқушыларды жазумен

жыл сайын толықтырылып отырады. Оқушылардың тегі тізімге олардың оқитын сыныбына қарамастан алфавиттік тәртіппен енгізіліп отырады.

Ә) Алфавиттік кітапты жүргізу талаптарының орындалуы туралы Алфавиттік кітапта әрбір әрпіне жеке бет арналып, әр әріпке реттік нөмір қойылады. Оқушының кітапқа жазылған реттік нөмірі сонымен қатар оның жеке іс-қағазының нөмірі болуы шарт. Оқушының жеке іс-қағазында бұл нөмір бөлшек түрінде қойылады. Мысалы, жеке іс қағазындағы № А15 болатын болса, алфавиттік кітапта А әрпіндегі 15 екенін білдіреді.

Оқушының мектептен шығуы туралы хабарлар өте мұқият толтырылуы тиіс. Шығарылды деп есептелгендер: мектеп бітіргендер, тұрғылықты жеріне байланысты мектепке келуді тоқтатқандар, басқа мектепке немесе оқу орнына ауыскандар сондай-ақ мектептен шығарылған оқушылар. Оқу сабақтарын уақытша тоқтатқандар яғни ауырып қалған жағдайларда алфавиттік кітапқа белгіленбейді. Оқушының шығарылуы, оның шығу себебін көрсете отырып, мектеп директорының бұйрығымен рәсімделеді сонымен қатар алфавиттік кітаптың көрсетілген бағандары бойынша бұйрықтың нөмірі, күні және шығарылу себебі көрсетіледі. Мектептен шығарылған шығарылды деп бұйрықпен рәсімделген оқушы қайтып келген жағдайда, қайта келген есебіне жазылып, қайта келген күні бағанына жазылып, қайтып келген деген белгімен белгіленіп отыруы керек. Алайда, біздегі оқушыларды алфавиттік тіркеу кітабы дұрыс жүргізілмеген. Көптеген қателердің орын алуына байланысты, аудандық білім бөлімінің арнайы зерделеу жұмыстарын жүргізу барысында кемшіліктер аталды. Осыған байланысты алфавиттік тіркеу кітабын жаңадан жүргізуіміз керек екенін баяндады.

Осыдан кейін сөз алған мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Аханова: Б) 4-сынып оқушыларының оқу нәтижелері (ағылшын тілі), Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 4 сыныпта ағылшын пәні бойынша оқушылардың оқу нәтижелері сарапталды.

Мектепшілік бақылау жоспарына сәйкес 4 сынып оқушыларының ағылшын пәні бойынша оқу нәтижелері сарапталды. Сараптау барысында сыныптағы 8 оқушының білім, білік дағдылары сараланды. Нәтижесінде 2 оқушы «жақсы», 3 оқушы «орташа», 3 оқушы «қанағаттанарлық» деңгейде. Оқушылармен жеке жұмыстар жүргізілуі керек. Күнделікті деңгейлік тапсырмалар беріп деңгейі төмен оқушылармен жұмыс жасалу керек екендігін пән мұғалімі Құрманшаева Арайға міндеттелсе деп сөзін аяқтады.

Келесі мәселе бойынша «Үйірменің үйретері көп» үйірме жұмыстарының жүргізілуі туралы қосымша білім беру маманы А. Сүйеубаева:

Мектебімізде оқушылардың бос уақытын тиімді пайдалану мақсатында әр түрлі сала бойынша үйірмелер жұмыс жасайды. Мектеп бойынша пәндік үйірмелер кесте бойынша үйірмелер өткізілді.

Мектебімізде 2023-2024 оқу жылында 16 үйірме, 5 спорттық секция ашылды және 2 ақылы үйірме бар 2010 оқушы тартылды.

Жоспарға сәйкес химия және биология пәндері үйірмесінің бірігуімен интеграциялық үйірме жұмысы өткізілді.

Мақсаты: Оқушылардың химия, биология пәндері үйірмесіне қызығушылығын арттыру.

Үйірме жұмысы барысында оқушылар "Тәттімен топтас" әдісі арқылы 3 топқа бөлінді.

1 кезең бойынша әр топқа қоршаған ортаға байланысты төрт сұрақтан қойылды
2 кезеңде оқушылар "АДАМ, ЭЛЕМЕНТ, ҚАН ЖАСУШАЛАРЫ" суреттері арқылы пазл құрастырды.

3 кезеңде биология және химия пәндерінен берілген тапсырма бойынша ермексаздан мүсін жасау жұмысы болды.

Үйірменің жұмысы кезінде оқушылар белсене тапсырмаларды орындады.

«Ғажайып химия» үйірмесінен 7-9 сынып оқушылары арасында лабораториялық жұмыстар жүргізілді. Оқушылардың үзіліс уақытын тиімді ұйымдастыру мақсатында оқушылар арасында "Бес тас" ойындарынан көңілді үзіліс ұйымдастырды.

Мақсаты: Қазақтың ұлттық ойындары арқылы балалардың денсаулығын шынықтыра отырып, қимыл әрекетін жетілдіру. Қазақтың салт-дәстүрі туралы әсерлерін толықтыру. Көңілді үзіліс оқушылардың өзара сенімділігін, қарым-қатынасын нығайтып, ұйымшылдығын арттырады.

"Асық ату", "Бес асық" челленджі өткізілді.

Мақсаты: Білім алушылардың рухани - адамгершілік мәдениетін, эстетикалық, патриоттық сезімдерін тәрбиелеу, елдің мәдени мұрасын сақтау, ұлттық ойындарды насихаттау.

«Алтын сақа» үйірмесінің ұйымдастыруымен М. Жұмабаевтың 130 жылдығына орай «Қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы» атты көркем сөз байқауы өткізіліп үйірмеге қатысатын 5,6,7 сынып оқушылары арасында көркем сөз сайысы өткізілді. «Қиын» оқушылардың барлығы дерлік үйірмелерге, спорттық секцияларға тартылғанын баяндады.

Ұсыныс: Үйірмелер оқушыны қызығатындай ұйымдастырылса.

Келесі мәселе бойынша ұйымдастырушы педагог Ә. Ізбасаров:

«Мектеп театры» жобасы аясындағы жұмыстар туралы шығып баяндады.

Мектеп театры мектеп үшін маңызды екені анық. Біздің мектебімізде «Театр әлемі» атты театр үйірмесі бар. Ол 2023 жылдың 7 қыркүйегінен бастап мектеп директорының бұйрығымен бекітілді. Мектеп театрында 12 оқушы мүшелікке тартылды. Олар 7-11 сынып аралығында алынды. Қыркүйек айынан бастап театр өз жұмысын бастады. Қыркүйек айында тілдер мерекесіне орай «Тіл- ұлт ғұмыры» атты тілдер мерекесі өткізіліп, түрлі көркем сөздер және жазушылар образымен көрніс тапты.

Алғашқы ұстаз Ыбырай Алтынсариннің өлең жырларын оқып насихаттау жүргізілді. Осы жылдың қазан айында өткен аудандық мектеп театрлар байқауында ауданымызда үшінші орынға ие болып, сонымен қатар үздік образ иеленген Әмірбек Нұрталап оқушымыз көзге түсті. Міне осының бәрі мектеп театрына серпін болды деп айта аламын.

Алтын күз 2023 мерекесінде мектеп театр мүшелері күлкілі көрініс те қойып үлгерді. Мұндағы басты мақсат оқушылар тек драма емес комедия жанрын да алып жүре алады деген сөз. 16 желтоқсанға жоспарланған «Қазақ үшін» атты сахналық қойылым болуы керек болатын. Оқушыларымыздың онлайн оқуына байланысты, ол шарамыз өтпей қалды. Сценарий авторы мен қоюшы режиссері Әділет Ізбасаров. Қатысушылар мектеп театр мүшелері. Бірақ онлайн кезінде де түрлі көркем сөз, эсселер, шығармалар, видео роликтер жолданды.

Ендігі менің ұсынысым оқушыларды мектеп театрына көптеп тарту үшін оны әрі қарай дамыту үшін сынып жетекшілеріміздің қолдауы керек. Осы ұсынысымды қабыл алсаңыздар.

Соңғы мәселе бойынша мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б. Аханова: «Білім беру ұйымының инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және жүзеге асыруда заңнамалық-құқықтық актілер» туралы айтты.

Қазақстан Республикасының білім саласындағы Заңдарының және нормативтік-құқықтық актілерінің негізінде арнайы білім беру ұйымдарының, жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға арналған интернаттық мекемелердің қызметін, ерекше білім алуға қажеттілігі бар балалардың оқу-тәрбиемен қамтылуын жүзеге асыруды үйлестіріп, бақылайды.

Жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балалардың (тұрғын үй кезегі, қамтылуы, жылжымайтын мүліктерінің сақталуы, жалға берілуі, жазғы демалысын ұйымдастыру, сондай-ақ оқумен қамтылуы, жұмысқа орналастырылуы т.б.) құқықтары мен мүдделерін жүзеге асыра отырып, аталған санаттағы балалар туралы мәліметтің Республикалық деректер банкісіне уақытылы енгізіліп, жаңартылып, толықтырып отыруына мониторинг жасайды.

Өз отбасына жетім және ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларды қабылдауға тілек білдірген азаматтарға балалар ауылының жанындағы асырап алушы ата-аналар мектебі арқылы консультациялық көмек көрсету бағытындағы жұмысты жүзеге асырады.

Интернаттық мекемелердегі тәрбиеленушілердің (уақытылы отбасына орналастырылуы, денсаулығы, жағдайларын жасау т.б) құқықтары мен мүдделерін қорғады.

Қорғаншылық және қамқоршылық органдарының, ведомстволық бағынысты білім беру ұйымдарының мамандары, аудандық, қалалық білім бөлімдерінің қорғаншылық және қамқоршылық функцияларын жүзеге асыратын мамандар үшін балалардың құқықтарын қорғау саласындағы құзыреттілікті арттыру бойынша семинарлар, тренингтер өткізуді ұйымдастырады.

Қазақстан Республикасының «Мүмкіндігі шектеулі балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзету арқылы қолдау туралы» № 343 Заңы негізінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды қоғамға бейімдеп, қолдауда арнайы білім беру ұйымдарының желісін кеңейтеді.

Ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың шығармашылық шеберліктерін арттыруда, спорттық, жазғы сауықтырумен қамтуда үкіметтік емес ұйымдар, қоғамдық қорлармен бірлестікте жұмыстарды ұйымдастырып, оқу-тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуына республикалық, облыстық деңгейде біліктілігін арттыру курстарын, шеберлік сабақтарын, тренинг, семинарлар ұйымдастырады.

«Қамқоршы күні», «Қуан, сәби!», «Зорлық-зомбылықсыз балалық шақ», «Бала еңбегіне қарсы 12 күні», «Бала құқығы- адам құқығы» республикалық акцияларын, «Жұлдызай» фестивальдерін ұйымдасқан түрде өткізуді қамтамасыз етеді.

Балалардың құқықтары мен мүдделерінің қорғалуын жүзеге асыру қызметінде әдістемелік, құқықтық көмек көрсетеді.

Шығып сөйлеушілер:

1.Әлеуметтік педагог- А.Аханов: Аталған мәселелер күн тәртібінен түспейтін өзекті тақырыптар деп ойлаймын. Математика, информатика пәндерінен сабақтарымыздың арасында кіріп, тәжірибе алмасуға ұмтыламын. Пән мұғалімдері үнемі ізденіс үстінде жүреді.

2. Бастауыш пәнінің мұғалімі-Г.Есет: Өз сабағымда деңгейлік тапсырмаларды байланыстырып өтіп жатырмыз және қосымшаға да шақырудамын. Өте артта қалып, кемшін жүрген, тыс қалған балалар жоқ. Берілген тапсырмалар мен түсіндірген сабақтарымызды оқушылар жақсы қабылдауда. Мен түсініксіз болған тақырыптарды оқушыларға қалайда ұғындырып жіберуге тырысамын.Алдағы уақытта сыныбымды қосымша сабақтарға шақырып білімдерін тереңдетемін.

3. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі- Н.Әбдімұратов:

Қаралған мәселенің барлығы да қазіргі таңда өзекті деп білемін.Әсіресе балалардың өмір қауіпсіздігі баста назарымызда. Оларға өмірде кездесетін кездейсоқ, түрлі жағдайлардың алдын алу, мұқият болу қажеттігін үнемі қайталап, естеріне салып отырамыз.Әріптестеріме алдағы уақытта да шығармашылық табыстар тілеймін.

Директор жанындағы кеңес қаулы етеді:

1.Аудандық және облыстық ғылыми жобалар байқауының қорытындысы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру, нәтижеге бағыттау мектеп директорының бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары міндетін уақытша атқарушы Т. Бөлебаевқа міндеттелсін.

2.2023-2024 оқу жылындағы математика, информатика пәндерінің берілуі мен 1-сынып оқушыларының оқу жылдамдығын тексеру қорытындысы «қанағаттанарлық» деп танылып, пәндерден оқушылардың білім сапасын көтеру пән мұғалімдеріне міндеттелсін,пәндердің талапқа сай берілуін қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға жүктелсін.

3.Мектепшілік бақылау бойынша:

А) Білім алушылардың жеке іс-қағаздарының, алфавиттік кітаптың жүргізу талаптарын орындау мектеп директорының тәрбие ісі жөнінің орынбасары С. Кәрібайға міндеттелсін;

Ә) 2023-2024 оқу жылындағы 4-сынып оқушыларының ағылшын тілі пәні бойынша оқу нәтижелері,ғылыми жетекшінің жұмыс сапасы «қанағаттанарлық» деп бағаланып, осы бағыттағы жұмыстарды жандандыру, нәтижеге бағыттау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға , бейінді оқыту ісі жөніндегі орынбасары міндетін уақытша атқарушы Т. Бөлебаевқа міндеттелсін.

4. 2023-2024 оқу жылындағы үйірме жұмыстарының жүргізілуі және «Мектеп театры» жобасы аясындағы жұмыстар «қанағаттанарлық» деп бағаланып,ары қарай талапқа сай жұмысты ұйымдастыру қосымша білім беру маманы А. Сүйеубаеваға, ұйымдастырушы-педагог Ә. Избасаровқа міндеттелсін.

5. 2023-2024 оқу жылындағы білім беру ұйымының инклюзивті білім беруді қамтамасыз ету және жүзеге асыруда заңнамалық- құқықтық актілерді талапқа сай жүргізу қадағалау мектеп директорының оқу ісі жөніндегі орынбасары Б.Ахановаға жүктелсін.

Директор жанындағы кеңестің төрайымы:



Хатшысы:

Ә.Кеулімжай
А.Жарболова

Ә.Кеулімжай

А.Жарболова